

Дүйсенова Райгүл Жеңісқызының «6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған «Цифрлық экономика жағдайындағы аймақтық әлеуметтік– экономикалық жүйелерді дамытудың басымдық бағыттарын қалыптастыру» диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Цифрлық экономика жағдайындағы аймақтық әлеуметтік– экономикалық жүйелерді дамытудың басымдық бағыттарын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік – экономикалық жүйелерді дамытудың басым бағыттары мен мемлекеттік экономиканы цифрландыру бағдарламаларына сәйкес жазылған
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u>	Диссертациялық жұмыс Қазақстан халқына Жолдау «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытына, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстанның 2014-2020 жылдарға арналған аймақтық саясат тұжырымдамасына, «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» Ұлттық жобасына сәйкес орындалған.

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми қорытындылары мен нәтижелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарық көрді. «Materials of the IV International Scientific-Practical Conference» (Vancouver, Canada) - 2019, «Новая экономика» - Научно-теоретический, научно-практический, научно-методический журнал., Белоруссия – 2019, «Prospects for the Development of Modern Science»: Materials of the VII International Scientific-Practical Conference, Korea-2022, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда талқыланып, мақұлданды.</p> <p>Зерттеу нәтижелері «Alikhan Bokeikhan University» Білім мекемесі «Бизнес және басқару» кафедрасының ғылыми – әдістемелік семинарларында қаралды. Алматы қаласы «Атамекен» Кәсіпкерлер палатасының және Алматы облысы, Жамбыл ауданының «Кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінде қолданылған және енгізу акттерімен расталған. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері Алматы қаласының Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының «Экономика және бизнес» кафедрасының оқу үрдісіне енгізілді. ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі Министрлігінің, өңірлермен өзара іс-қимыл департаментінен диссертациялық жұмысқа қорытынды алынды.</p> <p>Ғылыми зерттеу нәтижелері автордың жариялаған</p>
----	---------------------	---	--

			15 еңбегінде, оның ішінде 5 мақала Қазақстан Республикасының БҒМ білім мен ғылым саласын реттеу Комитетімен мақұлдаған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Скопус ақпараттық базасында, 9 мақала халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдарында жарияланды.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ізденуші алғашқы эмпирикалық мәліметтерді алу, оларды талдау негізінде жалпылау мен мониторинг жүргізу, зерттеу жұмысының негізгі теориялық ережелерін айқындау және әдістемесін құрастыру, эксперименттік тәжірибеден өткізу, ақпараттар мен мәліметтерді сараптау мен өңдеу, нәтижелер бойынша жарияланымдар әзірлеу мен басқа да формадағы апробация жұмыстарын өз бетінше ұйымдастырып, әзірлегені айқын байқалады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген, себебі аймақтар цифрлық экономиканың барлық мүмкіндіктерін пайдалануға қабілетті болуы керек. Цифрлық технологиялар барлық саланың қуатты қозғалтқышына айналып, инвесторлар мен адами капиталды тарту мақсатында аймақтардың цифрлық экономиканың барлық әлеуетін бәсекелестік артықшылық ретінде қолдана алуымен маңыздылығы және ғылыми – техникалық әлеуетті дұрыс қалыптастырып, салалық инновацияларды бастайтын ірі аймақтық кәсіпорындарда жаңа цифрлық технологияларды енгізу, аймақтардың

			<p>бәсекеге қабілеттілігін арттыру керек. Аймақ экономикасының қарастырылатын салаларының дамушы тетігін көрсететін нақты жағдай әлеуметтік– экономикалық әлеуетке тікелей байланысты болғандықтан, цифрлық жағдайдағы сипаттаманың көрінісін айқындап бағалауға деген қажеттілікті туындатады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды;</u></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды. Диссертация цифрлық экономика жағдайындағы аймақтың әлеуметтік – экономикалық жүйесінің дамуы түсінігін нақтылап, іргелі теориялық негіздерді кеңейту; аймақтық жүйелердің бәсекеге қабілеттілік факторларын талдап, бәсекелестік ұстанымдарын анықтайтын қозғаушы күштері мен факторлары, ішкі және сыртқы ортаға бейімдеулерді қарастырып, Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық әртараптануы бойынша аймақтар дамуының оң және теріс тенденцияларын айқындау; Аймақтық әлеуметтік–экономикалық жүйелерді дамытуға байланысты инновациялық кластерлерді жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу; Алматы облысында даму әлеуетін талдау алгоритмін құру және жанартылған әдіснамалық базасы ретінде инновациялық – ұдайы өндіру үдерістерін басқарудың тұжырымдамалық моделін құрастыру; Қазақстан аймақтарын цифрландыру бойынша аймақтардың әлеуметтік -экономикалық дамуын</p>

			реттеудің экономикалық – математикалық моделін жасау сияқты ұсыныстарды қамтиды.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, қойылған мақсат пен міндеттер жұмыс тақырыбына сәйкес негізгі мәселелерді қамтиды.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық зерттеу ішкі біртұтастығы бар логикалық аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Зерттеудің нақты берілген мақсаты мен міндеттері диссертацияның әр тарауында теориялық және әдістемелік шешімін тапқан, сондай-ақ қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар айқындалған. Барлық тұжырымдар мен қорытындылар өзара бірізділікпен құрастырылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертациялық жұмыста қарастырылған әрбір тұжырым барынша зерттеліп, жан – жақты зерделенген. Зерттеу нәтижелері, тұжырымдары аталып отырған диссертацияның тақырыбына сәйкес келетін ғылыми еңбектермен толықтай дәлелденген. Сондай - ақ автордың өзіндік жеке тұжырымдық көзқарастары мен отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің кеңестеріне сәйкес жүйеленген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u>	Мазмұны анықтамалардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттерден тұратын диссертациялық жұмыс «Дәрежелер беру

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>қағидаларының» 2,5,6 тармағына толығымен сәйкес келеді және онда төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген:</p> <p>1-нәтиже - цифрлық экономика жағдайындағы аймақтың әлеуметтік – экономикалық жүйесінің дамуы түсінігі нақтыланып, іргелі теориялық негіздері кеңейтілді. Бұл нәтиже жартылай жаңа болып табылады.</p> <p>2-нәтиже - аймақтық жүйелердің бәсекеге қабілеттілік факторлары талданып, бәсекелестік ұстанымдарын анықтайтын қозғаушы күштері мен факторлары, ішкі және сыртқы ортаға бейімдеулер қарастырылды, Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық әртараптануы бойынша аймақтар дамуының оң және теріс тенденциялары айқындалды. Бұл нәтиже жартылай жаңа болып табылады.</p> <p>3-нәтиже - Аймақтық әлеуметтік–экономикалық жүйелерді дамытуға байланысты инновациялық кластерлерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді. Бұл нәтиже жартылай жаңа болып табылады.</p> <p>4-нәтиже - Аймақтардың әлеуметтік– экономикалық жүйелерінің инновациялық даму бағыттарын бағалау үшін Алматы облысында даму әлеуетін талдау алгоритмі құрылды және жаңартылған әдіснамалық базасы ретінде инновациялық – ұдайы өндіру үдерістерін басқарудың тұжырымдамалық</p>
--	--	--	---

			<p>моделі құрастырылды. Бұл нәтиже жаңа нәтиже болып табылады.</p> <p>5-нәтиже - Қазақстан аймақтарын цифрландыру бойынша аймақтардың әлеуметтік -экономикалық дамуын реттеудің экономикалық – математикалық моделі жасалды. Бұл нәтиже жаңа нәтиже болып табылады.</p> <p>6-нәтиже - Қазақстан аймақтарының әлеуметтік – экономикалық жүйесін цифрлық экономикалық тұрғыда қалыптастырудың тенденциялары зерттеліп, ұсыныстар әзірленді. Бұл нәтиже жаңа нәтиже болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелердің, қорытындылардың жаңалық дәрежесін жақсы деп бағалауға болады. Ғылыми нәтижелер мен қорытындылардың ғылыми жаңалығы негізді болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып</p>	<p>Экономикалық және басқару шешімдері жаңа және негізделген, диссертациялық жұмыс цифрлық экономика жағдайындағы аймақтың әлеуметтік – экономикалық жүйесін жетілдіруде және цифрлық экономикалық тұрғыда қалыптастырудың басымдық бағыттарын теориялық негіздеуге және тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеуге бағытталған.</p>

		табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u>	Диссертациялық зерттеудің негізгі қорытындылары мен нәтижелері кеңінен қамтылған деректерге, шетел және отандық ғалымдардың тұжырымдарына негізделген шынайы зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертациялық жұмыста қарастырылған әрбір тұжырым барынша зерттеліп, жан – жақты зерделенген. Зерттеу нәтижелері, тұжырымдары аталып отырған диссертацияның тақырыбына сәйкес келетін ғылыми еңбектермен толықтай дәлелденген. Сонымен қатар автордың өзіндік жеке тұжырымдық көзқарастары мен отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің кеңестеріне сәйкес құрастырылған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p>	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар:</p> <p>1. Цифрлық экономика жағдайындағы аймақтың әлеуметтік – экономикалық жүйесінің дамуы бойынша анықтамасы;</p> <p>2. Қазақстандағы цифрлық экономика жағдайындағы аймақтың әлеуметтік – экономикалық жүйесін жетілдіруде бірқатар әдіснамалық тәсілдер қолданылды: аймақтың инновациялық даму әлеуетін бағалау әдісі, аймақтың инновациялық бәсекеге қабілеттілігін рейтингтік бағалау әдісі, аймақтардың дамуын толық және сенімді талдауды қамтамасыз ете алатын әдістердің бірі - сценарий әдісі.</p> <p>3. Аймақтардың әлеуметтік–экономикалық жүйелерінің инновациялық даму бағыттарын бағалау үшін Алматы облысында жаңартылған</p>

		<p>2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>әдіснамалық базасы; 4. Алматы облысында даму әлеуетін талдау алгоритмі құрылды және жаңартылған әдіснамалық базасы ретінде инновациялық – ұдайы өндіру үдерістерін басқарудың тұжырымдамалық моделі; 5. Қазақстан аймақтарын цифрландыру бойынша аймақтардың әлеуметтік -экономикалық дамуын реттеудің экономикалық – математикалық моделі; Қағидаттар дәлелденген Тривиалды емес Жаңа Қолдану деңгейі кең Мақалаларда дәлелденген</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Жұмыстың әдістемесі негізделген. Зерттеу барысында қойылған міндеттерді шешуде талдау бойынша бірнеше әдістері қолданылған: салыстырмалы, экономикалық- статистикалық, үздіксіз және іріктеп зерттеу әдістері, графикалық әдістер, экономикалық – математикалық әдістер ұсынылды.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Цифрлық экономика жағдайында аймақтардың әлеуметтік - экономикалық дамуын реттейтін және аймақтық инновациялық-ұдайы өндіру үдерістерін бағалаудың</p>

		<p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>әсерін ұсынылып отырған әдістемені қолдана отырып, зерттеудің ақпараттық базасын қалыптастыру, деректерді қалпына келтіру, берілген көрсеткіштерді нормалау, аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жүйелерді цифрландыру бойынша дамыту негіздемелері бағаланды.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, моделдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жүйелерді цифрландыру мақсатында аймақ кәсіпкерліктерін дамыту бойынша Алматы қаласы «Атамекен» Кәсіпкерлер палатасының және Алматы облысы, Жамбыл ауданының «Кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінде қолданылған және енгізу актітерімен расталған. Өңірлік аспектіде бағдарламаны дамыту бойынша ұсыным ретінде пайдалану мүмкіндігін көрсету мақсатында ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі Министрлігінің, өңірлермен өзара іс-қимыл департаментінен диссертациялық жұмысқа қорытынды алынды.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/<u>ішінара расталған</u>/ расталмаған</p>	<p>Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар мен қорытындылар нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Әдістемелік тұжырымдар бағалау нәтижелері арқылы талданып, ғалымдардың ғылыми қағидалары негізге алынып, ізденушінің өзіндік тұжырымдамаларымен</p>

			қорытындыланған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасау үшін жеткілікті, жұмысты орындау барысында 127 әдебиет көзіне шолу жасалған.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар, ол цифрлық экономика жағдайындағы аймақтың әлеуметтік – экономикалық жүйесінің дамуы бойынша, аймақты дамыту негіздемелерін нақтылайды, аймақтың әлеуметтік – экономикалық жүйесінің дамуы бойынша сипатын айқындауда теориялық материал болып табылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы бар, цифрлық экономика жағдайында аймақтардың әлеуметтік – экономикалық жүйелерін дамытудағы аймақ ұйымдарының, кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілік факторларына әсер ете алады, сонымен қатар диссертациядағы қалыптасқан тәсілдер аймақтық әлеуметтік – экономикалық жүйелерді дамытуда инновациялық кластерлерді жетілдіруге жол ашады, оның негізінде инновациялық даму бағыттарын бағалау үшін жаңартылған әдіснамалық база бойынша қалыптастыру кезеңдерін жақсартады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Зерттеу барысында аймақтардың әлеуметтік–экономикалық жүйелерінің инновациялық даму бағыттарын бағалау үшін Алматы облысында даму әлеуетін талдау алгоритмі құрылды және жаңартылған әдіснамалық базасы ретінде

		3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)	инновациялық – ұдайы өндіру үдерістерін басқарудың тұжырымдамалық моделі құрастырылды; Қазақстан аймақтарының әлеуметтік – экономикалық жүйесін цифрлық экономикалық тұрғыда қалыптастырудың тенденциялары зерттеліп, оларды дамытудың және жетілдірудің басым бағыттары ұсынылды. Бұл ұсыныстар жаңа болып табылады.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) Жоғары; 2) Орташа; 3) Орташадан төмен; 4. Төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары, орфографиялық және стилистикалық қателер жоқ. Зерттеу жұмысы «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігі, ғылыми нәтижелер мен қорытындылардың негізделгендігі және жаңалығы бойынша іздену жұмыстарына қойылатын талаптарға толық жауап береді. Аталғандарды ескере отырып Р.Ж Дүйсеннова «6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
экономика ғылымдарының кандидаты,
«Халықаралық туризм менеджменті» кафедрасының доценті
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері университеті



Тулеубаева М. К

Койылған М. К. Тулеубаева
қолтаңбасын растаймын
Кадрлар бөлімінің инспекторы М.К.
Подпись Тулеубаевой М.К. заверяю
Инспектор отдела кадров М.К.